

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 1-беті



БЕКІТЕМІН
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы–Ректордың
у.м.а.



Г.Д. Сугирбаева
 «28» 10 2024ж.


САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАТАҚХАНАЛАРЫНДАҒЫ ОРЫНДАРДЫ БӨЛУ

ҚАҒИДАЛАРЫ

СМЖ ОҚПУ Қ 7.27-2024

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры		Анарбаев Қ.С.
Стратегиялық даму және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Өзірлеген:		
Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы м.а.		Тасболат Б.Б.

Күжаттың жарамдылық мерзімі: «28» 10 2024ж. «28» 10 2024ж. дейін ұзартылды: «__» ____ 20__г.	Енгізілді: № 4 бұйрық Енгізілген күні: «28» 10 2024ж.	СМЖ ОҚПУ Қ 7.27-2024 Басылым 1 Тіркеу № 3 Көшірме № ____
--	--	--

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 2-беті

Мазмұны

1	Жалпы ереже	3
2	Университет білім алушыларына жатақхана ұсынудың электрондық қызмет көрсету регламенті	3
3	Комиссияны құру тәртібі	6
4	Университет жатақханаларында орындарды бөлудің басым тәртібі	7
5	Қызметкерлердің жатақханадан орын алу тәртібі	9
	А қосымшасы Университет жатаханасынан бір орын беру өтінішінің үлгісі	10
	Б Қосымшасы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларына жатақханалар беру туралы жолдама үлгісі	11
	В қосымшасы Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат	12
	Г қосымшасы Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат	13
	Д қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	14

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 3-беті

1 Жалпы ереже

1.1 Осы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (бұдан әрі - Университет) жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 219 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2 Студенттік жатақхана күндізгі оқу нысанындағы басқа қаладан келген білім алушыларды оқыту кезеңіне уақытша тұруға және орналастыруға арналған.

1.3 Білім алушылар қатарындағы шетелдіктер халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханадағы орындармен қамтамасыз етіледі.

1.4 Жатақхана университет бюджетінің қаражаты, жатақхананы пайдаланғаны үшін төлем және кәсіпкерлік және өзге де табыс әкелетін қызметтен түсетін басқа да бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылады.

1.5 Жатақханада санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес демалыс бөлмелері, спорт, компьютерлік, оқу залдары, тұрмыстық қызмет көрсетуге және қоғамдық тамақтандыруға арналған үй-жайлар (асхана, душ, жуу, үтіктеу бөлмелері және т.б.) ұйымдастырылады.

1.6 Санитариялық-тұрмыстық мақсаттағы үй-жайлар Санитариялық нормалар мен жатақхананы орналастыру, жабдықтау және күтіп-ұстау қағидаларына сәйкес бөлінеді және жарактандырылады.

1.7 Материалдық базаны нығайту және дамыту, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жатақханада тұратындарға тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша студенттік жатақханадағы жұмысқа жалпы басшылық жасау Инфрақұрылымды дамыту департаментіне, білім алушылар мен қызметкерлердің төлемақысын бақылау, қарыздарын есепке алу және өтеуін қамтамасыз ету Қаржы және экономика департаментіне, тәрбие жұмысын жүргізу, Білім алушылардың әлеуметтік-мәдени дамуын қолдау және құқықбұзушылықтың алдын алу Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментіне жүктеледі.

1.8 Осы ережеге өзгерісті Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы «Өзгерістерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгі қою арқылы өзгеріс енгізеді (В қосымшасы).

2 Университет білім алушыларына жатақхана ұсынудың электрондық қызмет көрсету регламенті

2.1 Мемлекеттік қызмет бойынша өтінішті қабылдау және қызмет көрсету нәтижесін беру "Platonus.Жатақхана" модулі, www.egov.kz "электронды үкімет" веб-порталы, "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.

2.2 Білім алушыларды университеттің жатақханаларына электронды түрде

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 4-беті

орналастыру қызметі келесі тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады:

1) білім алушылар Platonus жүйесінің жеке кабинеті (Жеке кабинет-Жатақхана – Өтініш беру) арқылы 2.3 – тармақта көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, онлайн-өтінім береді;

2) "Platonus. Жатақхана" модулі орындарды бөлудің басым тәртібіне сәйкес кезекке тұрғызады;

3) өтінім беру кезеңі жабылғаннан кейін "Platonus. Жатақхана" орындарды автоматты түрде бөледі;

4) жатақханада берілген орын туралы хабарлама Platonus жүйесіндегі студенттің жеке кабинетіне келеді;

5) жатақхана менеджерінен (Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы) жолдама алып (**Б қосымшасы**), бекітілген жатақханаға орналасады.

2.3 "Platonus. Жатақхана" модулі арқылы қоныстандыру қызметін көрсету үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, белгіленген нысан бойынша онлайн-өтініш талап етіледі.

Құжаттар туралы мәліметтер:

1) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы басшысының атына осы Қағидаларға **А-қосымшаға** сәйкес жатақханадан орын беру туралы өтініш;

2) қандас мәртебесі туралы құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат;

3) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

"Электронды үкімет" порталында:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жатақханадан орын беру туралы өтініш;

2) қандас мәртебесі туралы құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы, ата-анасының (ата-анасының) қайтыс болуы туралы мәліметтер, (жетім балалар үшін), жасына байланысты зейнетақы/жәрдемақы алушының куәлігі (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін), "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген), "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) өтініш берушінің (отбасының) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат көрсетілетін қызметті беруші тиісті

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 5-беті

мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

2.4 "Platonus.Жатақхана" модулінде өтініш беру кезіндегі жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен демалыс және мереке күндерін қоспағанда, келіп түскен өтініштерді өңдеу жұмысының кестесі және нәтиже беру - белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

2.5 Университет білім алушыларына жатақхана ұсыну қызметін көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алу үшін білім алушыларға ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дерексіздігін анықтау;

2) қызмет көрсету үшін қажетті білім алушының ұсынылған құжаттарының осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) білім алушыда тәртіптік және өзге де жаза түрлерінің болуы;

4) жатақханада бос орынның болмауы.

Қызмет көрсетуден бас тартқан кезде "Platonus. Жатақхана" модулінің әкімшісі арнайы құрылған комиссияның шешімі бойынша бас тарту себептерін көрсете отырып, білім алушының жеке кабинетіне жауап жібереді.

Қызмет көрсетуден бас тарту себептері жойылған кезде білім алушы осы Ережеде белгіленген тәртіппен қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.

2.6 Академиялық ұтқырлықты іске асыру үшін университеттің тұрғын үй қорынан жыл сайын университеттегі академиялық ұтқырлыққа жауапты құрылымдық бөлімше басшысының қызмет хатына сәйкес белгілі бір орын бөлінеді. "Platonus. Жатақхана" модулінде тандалған жатақханадағы белгіленген орындар жеке жатақхана ретінде ресімделеді. Оқу жылы ішінде университеттегі академиялық ұтқырлыққа жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ұсынысы негізінде академиялық ұтқырлық жүйесінің әкімшісі академиялық ұтқырлық шеңберінде келген нақты студентті қоныстандыруды ресімдейді.

2.7 Қоныстандыру үдерісінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін комиссия отырысының қорытындысы бойынша электрондық кезек негізінде жатақханаларға қоныстанатын білім алушылардың тізімдері <https://zhanibekov.edu.kz/>. ресми сайтта орналастырылады.

2.8 Жатақханаға орналасу кезінде білім алушылар осы Ережемен танысып, электр тұрмыстық аспаптарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті нұсқаулықтан өтуі, жеке электр тұрмыстық аспаптарды пайдаланудың белгіленген тәртібімен, жатақханада тұру ережелерімен және орындарды босату тәртібімен танысуы тиіс.

2.9 Жатақханада тұру үшін төлем мөлшерін Ғылыми кеңес бекітеді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 6-беті

Жатақханада тұру үшін ақы алу банк арқылы университеттің есеп шотына жүргізіледі. Төлем келесі реквизиттер бойынша жүргізеді: «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ, Шымкент қ., көш. А.Байтұрсынов №13, инд.160012. ББК: КСЖВКЗКХ, БСН: 110740004288, КБЕ: 16, ЖСК: KZ898562203139235374, «Банк ЦентрКредит» АҚ»

2.10 Жатақханада тұрғаны үшін төлем білім алушылардан толық оқу жылы үшін алынады (10 ай: 1 қыркүйектен 1 шілдеге дейін); білім алушылар демалыс кезеңінде кеткен кезде қандай да бір қосымша қызметтер үшін ақы алынбайды.

2.11 Жатақханадан шығарылған жағдайда Комиссия белгілеген мерзімде тұратын адам комендантқа тұрғын үй-жайды таза күйінде және алынған барлық мүлкін жарамды күйде тапсыра отырып, жатақханадағы орнын босатуға міндетті.

2.12 Университет кеңсесі өтініш берген күні құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті конкурстық комиссияның қарауына береді.

2.13 Конкурстық комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдайды.

Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, конкурстық комиссияның шешімі заңды болып саналады. Дауыс беру нәтижелері конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады.

2.14 Конкурстық комиссия білім алушының күтпеген отбасылық, материалдық және басқа жағдаяттар себептерінен тұрғын жайға мұқтаждығы туындағанда жатақханадан орын беру туралы, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін немесе ЖЖОКБҰ жарғысын сақтамағаны үшін білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін деканның немесе декан орынбасарының ұсынысы бойынша жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

2.15 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген кезінде көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 7-беті

белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

3 Комиссия жұмысының тәртібі

3.1 Білім алушыларға жатақхана берудің автоматтандырылған процесін арнайы құрылған комиссия сүйемелдейді.

Комиссия құрамына: Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор (төраға), қоғамдық ұйымдардың өкілдері, студенттік өзін-өзі басқару органдарының екі өкілі; декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің екі өкілі кіреді.

3.2 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

1) өтініш беру кезеңдерін айқындау;
2) қоныстану кезеңдері бойынша квота бөлу: 1) оқу жылының соңында (маусым) келесі оқу жылында бірінші курстан басқа, барлық курстардағы білім алушыларға; 2) оқу жылының басында (тамыз) бірінші курсқа оқуға қабылданған және басқа оқу орындарынан ауысу тәртібімен білім алушыларға беріледі.

3) келіп түскен өтініштердің олардың 2.3-тармақта көрсетілген талаптарға сәйкестігіне объективті және жария қаралуы;

4) қажеттілікке қарай оқу жылындағы отырыс – жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгерістеріне сәйкес, сондай-ақ ауыстырылған немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізді қоныстандыру үшін өткізіледі.

3.3 Жатақханада тұру үшін қалыптастырылған тізім негізінде білім алушыға Комиссия төрағасының қолы қойылған университеттің жатақханаларынан орын беру туралы осы Қағидаларға Б қосымшасына сәйкес жолдама не дәлелді бас тарту конкурстық комиссия отырысынан кейін 24 сағат ішінде беріледі.

3.4 Білім алушыларды жатақханалар арасында көшіру тек қоныс аудару себебінің құжаттамалық негіздемесі (себебін көрсете отырып, комиссия төрағасының атына өтініш) негізінде қаралады. Қоныс аудару комиссиясының мақұлдауы келесі жағдайларда мүмкін:

- туыскандық (бауырлар, әпкелер) қатысы бар білім алушылар. Бұл ретте түрлі жынысты туыстарының бір бөлмеде тұруына жол берілмейді;

- медициналық көрсеткіштер бойынша (диспансерлік есепте болғаны туралы анықтаманы ұсына отырып)..

Қоныс аудару мәселесі комиссия өкімінің негізінде қанағаттандырылған жағдайда "Platonus. Жатақхана" модулінің әкімшісі бағдарламада қоныс аударады.

4 Университет жатақханаларында орындарды бөлудің басым тәртібі

4.1 Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 8-беті

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, қандастар, сондай-ақ мемлекеттік ЖЖОКБҰ немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі ЖЖОКБҰ-да немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған ЖЖОКБҰ-да оқудың бірінші жылында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары.

3) "Алтын белгі" иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат, диплом) талапкерлер;

4) бірінші курсқа оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, пәндер бойынша түсу емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар.

Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеудің, білім беру ұйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандарының қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі;

6) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс білім алушылары;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары	14 беттің 9-беті

7) ЖЖОКБҰ-ның өзге де білім алушылары.

4.2 Мемлекет осы Қағидалардың 12-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтарға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде жатақханаларда тұрғаны үшін "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес жылына 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша белгіленген жиырма тоғыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шығыстарын өтейді

5. Қызметкерлердің жатақханадан орын алу тәртібі

5.1 Университеттің барлық қызметкерлері (оқытушы-профессорлар құрамы, әкімшілік басқару қызметкерлері, оқытушы-көмекші қызметкерлер) жатақханадан орын ала алады.

5.2 Қызметкерлер жатақханаға Басқарма төрағасы-ректордың атына жазылған өтініш негізінде қабылданады. Өтінішке келесі құжаттар қоса тіркелуі қажет:

- Жеке куәлік (көшірмесі);
- 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

5.3 Жатақханада тұру мерзімі оқу жылына (10 ай) есептеледі: 1 қыркүйектен 1 шілдеге дейін.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Студенттік жатақханаларда орынмен қамтамасыз ету туралы ереже	14 беттің 10-беті

А қосымшасы

Университет жатаханасынан бір орын беру өтінішінің үлгісі

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы-ректоры

/Толық аты-Жөні/

_____курс студентінен

_____топ

мамандығы _____

факультет _____

Өтініш

Сізден Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханасынан бір орын бөлуіңізді сұраймын.

Келген
жерім _____

Қоса берілген құжаттардың тізбесі

" ____ " _____ 20 ____ ж. _____ .
(білім алушының қолы)

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Студенттік жатақханаларда орынмен қамтамасыз ету туралы ереже	14 беттің 11-беті

Б қосымшасы

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларына жатақханалар беру туралы жолдама үлгісі

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Азамат (-ша) _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

№ ____ жатақханаға орналасуға жолдама беріледі.

Жатақхананың мекенжайы _____

20 ____ ж. " ____ " _____ сағатта ____ келуді ұсынамын.

Жатақхана менеджері _____

(қолы)

20 ____ ж. " ____ " _____

М.О.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Студенттік жатақханаларда орынмен қамтамасыз ету туралы ереже	14 беттің 12-беті

В қосымшасы

**Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат № _____
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті**

_____ (көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))
мынадай құжаттар алынды:

1. Өтініш

2. Басқа _____

Жатақхана менеджері _____
_____ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ (қолы)

Алдым: _____
_____ (көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә.). _____ (қолы)

20 ____ ж. " ____ " _____

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Студенттік жатақханаларда орынмен қамтамасыз ету туралы ереже	14 беттің 13-беті

Г қосымшасы

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 13 мекенжайындағы Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын басшылыққа ала отырып (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің негізгі талаптарының тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету), Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет Негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарға байланысты, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3)

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Орындаушының Т.А.Ә. _____ Қолы _____ Телефон _____

Қабылдады: _____
(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә) (қолы)

«__» _____ 20__ жыл



Д қосымшасы
(міндетті)
Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]